

المختصر في صفة الحج

**Қажылықтың орындалу**

Ажы ибадаты

**сипаттамасы туралы**

тууралуу қысқаша  
баяндама

**қысқаша баян .**

## **Қажылықтың орындалу сипаттамасы туралы қысқаша баян .**

Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Пайғамбарыз Мұхаммедке (ﷺ), оның отбасы мен сахабаларына Алланың салауаты пен сәлемі болсын.

Сонан кейін:

Бұл кішкене жолдамада қажылықтың қысқаша ғана сипаттамасын қамтылған. Біз онда қажыларға көбінесе білуі қажет болған негізгі мәліметтерді түсіндіруге тырыстық.

Аллаһ Тағаладан бұл еңбегімізді тек Оның жомарт дидары үшін ғана жасалған амал етуін, сондай-ақ бүкіл мұсылмандарға пайдалы қылуын сұраймыз.

Ислам мазмұнын түрлі тілдер арқылы жеткізу қызметы қауымдастығының ғылыми комитеті.

### **Кіріспе**

#### **Біріншіден: Құлшылықтың қабыл болу шарттары:**

Аллаһ Тағаланың құзырында құлшылық екі шартының орындалуымен ғана қабыл болады:

Ықылас. Яғни құлшылықты тек Аллаһтың дидарын және ақыреттегі сауапты көздеу ниетімен орындау. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ...﴾ [1],

﴿ Ал олар, ханиф болған / Аллаһты бірлеген түрде / Оған діндерін серік қосудан тазартып, құлшылық ету, намазды толық орындау және зекет беруден басқаға бұйырылмаған еді ﴾.<sup>1</sup> (Әл-Бәйина:5).

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (ﷺ):

«إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ، وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَا نَوَى.»

«Амалдар ниетке байланысты. Әр адамға ниет еткені ғана тиесілі», - деген.<sup>2</sup>

Құлшылықта Пайғамбарымызға сөз және іс жүзінде еру (яғни амалы оның сүннетіне сай орындау). Пайғамбарымыз (ﷺ) айтты:

«مَنْ أَحَدَّثَ فِي أَمْرِنَا هَذَا مَا لَيْسَ فِيهِ فَهُوَ رَدٌّ.»

«Кімде-кім біздің осы ісімізге (яғни дінімізге) оған жат нәрсені енгізсе, ол кері қайтарылады»;<sup>3</sup> Басқа риуаятта:

«مَنْ عَمِلَ عَمَلًا لَيْسَ عَلَيْهِ أَمْرُنَا فَهُوَ رَدٌّ.»

«Кімде-кім біздің бұйрығымызға сай келмеген амал жасаса, ол кері қайтарылады (қабыл болмайды)»<sup>4</sup>.

\*\*\*

---

<sup>1</sup> Яғни, бір Аллаға және Оның құлшылығына ғана бет бұрып, Одан басқасынан бас тарту. Әс-Сәғди тәпсірі (538 бет).

<sup>2</sup> Әл-Бұхари (1), Имам Мүслім (1907).

<sup>3</sup> Әл-Бухари (2697) және Муслим (1718) риуаят еткен.

<sup>4</sup> және Муслим (1718) басқа бір жолмен риуаят еткен.

## «Біріншіден: Миқаттарға (ихрамға кіретін орындар) қатысты үкімдер»:

Миқаттар — қажылық немесе умра жасамақшы болғандарға Пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ) белгілеген, олардың ихрам (хәліне) кіретін орындары.

Кімде-кім миқаттардың бірінен өтіп бара жатып қажылық немесе умра жасау ниетінде болса, ол сол жерден ихрамға кіруі міндетті. Одан ихрамсыз өтуге болмайды.

Кімде-кім Меккеге осы миқаттардан жақын жерде болса, оның миқаты — тұратын жері. Сол жерден ихрамға кіріп, қажылық немесе умраны жасайды.

Ал Мекке тұрғындары мен онда уақытша тұрып жатқандарға келсек: олар қажылық үшін Меккеден ихрамға кіреді. Ал умра үшін олар Меккенің шекарасынан (харам аймағынан) шығып, Тәнғим секілді «хил» аймақтарына (харам аймағының сыртында орналасқан жерлер) барып, сол жерден ихрамға кіреді.

Ал егер қажылық немесе умра істеуші ұшақта болса, ол ихрамға миқат тұсынан өткен кезде кіреді. Сондықтан ол миқатқа жақындамай тұрып ихрамын киіп, дайын отыруы қажет. Миқат тұсынан өткенде дереу ниет етіп, ихрам хәліне кіреді. Бұл істі әуежайға қонғанға дейін кешіктіруге болмайды. Ұшақтың

жылдамдығына байланысты миқат орнын өткізіп алмау үшін, сақтық жасап, миқатқа жетпей тұрып-ақ тәлбия айтып, ихрамға кірсе болады.

## **Екіншіден: Қажылық түрлері және оның үкімдері:**

Қажылықтың үш түрі бар: тәмәттуғ, ифрад, және қиран.

Тәмәттуғ — "һәди" (соятын мал) ертпеген адам үшін қажылықтың ең абзал түрі. Мәнісі: қажылық айларында умраүшін ихрамға кіріп, тауаф пен сағиды жасап, ихрамнан шығу. Кейін сол жылдың қажылығына қайтадан ихрамға кіру.

Ифрад – тек қажылыққа (умрасыз) ихрамға кіру. Меккеге жеткенде оған қадум тауафын (келу тауафы) жасау сүннет болып, кейін қажылығы үшін сағи орындайды. Шашын қырмайды да, қысқартпайды, ихрамнан шықпай, сол күйінде қала береді. Құрбан айт күні Жамарат әл-Ақбаға (шайтанға тас лақтыратын үлкен жамарат) тас лақтырғаннан соң ғана ихрамнан шығады. Егер қажылықтың сағи рәсімін қажылық тауафынан кейінге қалдырса, онда еш оқасы жоқ.

Қиран – умра мен қажылыққа бірдей ихрамға кіру. Ол кезде: «Ләббайкаллаһумма умратан уә

хажжан» — «Аллаһым, Саған умра мен қажылық орындауға келдім", - деп ниет етеді.

Қажылықтың қиран түрін жасаушының іс-әрекеті ифрад жасаушының іс-әрекетімен бірдей. Бірақ қиран жасаушыға құрбандық (мал шалу) міндет болса, ифрад жасаушыға құрбандық міндет емес.

### **Үшіншіден: Ихрамның сипаты және үкімдері:**

Ихрамға ниет еткен адамға мына нәрселер сүннет болып табылады:

Ғұсыл жуыну — бұл ерлер мен әйелдер үшін бірдей, тіпті хайыз (етеккір) және нифас (босанған әйел қаны) кезеңіндегі әйелдер үшін де бекітілген сүннет болып табылады.

Ерлерге хош иіс суымен (мысалы, уд ағашының майы немесе басқа да әтірлермен) басын және сақалын майлауға болады. Бұл иіс ихрамға кіргеннен кейін үстінде қалса да, зияны жоқ. Ал әйелдергежағымды иісі болғандықтан, оны

бөтен еркектер иіскеп қоймас үшін, әтір (парфюм) қолдануға болмайды.

Ихрам киімін — яғни бір бөлігі белден төменгі (изар), екіншісі белден жоғары жаққа (рида) оралатын екі бөлек матаны кию. Сүннет бойынша олардың таза және ақ түсті немесе жаңа болғаны жөн. Ал әйел адам қалаған киімін

кие алады, тек сәнді, ерлер назарын аударатындай болмаса болды. Бірақ ол ниқап (бетперде) мен қолғап кимейді. Дегенмен, бетін және қолын басқа тәсілмен жабуға болады.

Ихрам хәліне — шарифатта бекітілген (парыз немесе нәпіл) намаздан кейін кіруі сүннет. Бірақ бұл — уәжіб емес, яғни ихрамға намаздан кейін кіру міндетті емес.

Содан кейін былай деп ниетін білдіреді: Егер умра жасайтын болса: «Ләббайкаллаһумма умра» — «Аллаһым, Саған умра үшін келдім» Егер ифрад (жеке қажылық) жасайтын болса: «Ләббайкаллаһумма хаджан» — «Аллаһым, Саған қажылық үшін келдім». Егер қиран (умра мен қажылықты бірге) жасайтын болса: «Ләббайкаллаһумма умратан уә хаджан» — «Аллаһым, Саған умра және қажылық үшін келдім», - дейді.

Егер ихрамға кіргісі келген адам қажылығын немесе умрасын аяқтауға (бірнәрсенің) кедергі болуы мүмкін деп қауіптенсе, онда ихрамға кірер кезде шарт қоюына болады. Ол: «... егер мені бір кедергі тоқтатса, онда менің ихрамнан шығу орным – сол тоқтаған жерім», - деп айтады. Осындай шарттан кейін шынымен де, қажылығын жалғастыруға мүмкіндік бермейтін бір жағдай туындаса, онда ол ихрамнан шыға алады және оған ешқандай жаза (құрбандық т.б.) шалу міндет болмайды.

Содан кейін тәлбияны көп қайталау керек: «Ләббайкаллаһумма ләббайк, ләббайка лә шәрика ләкә ләббайк, иннәл-хамда уән-ни'мата ләкә уәл-мульк, лә шәрика ләк» (Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын. Міне, мен Сенің алдыңдамын. Сенің ешбір серігің жоқ, міне, мен Сенің алдыңдамын. Расында, мадақ, нығмет және мүлік — Өзіңе ғана тән. Сенің серігің жоқ!». Ер адамдар тәлбияны дауыстап айтуы керек. Әйелдер де айтса болады, бірақ жанында бөгде ер кісілер болса, онда дауыстап айтуға болмайды. Ихрамдағы адам тәлбияны жиі айтуы керек, әсіресе уақыт пен жағдайлары бір хәлден екінші хәлге өзгергенде — мысалы, биіктікке көтерілгенде, төменге түскенде, түн батып немесе күн шыққанда.<sup>5</sup>

Тәлбия айту — умрада ихрамға кіргеннен бастап, (Қағбаны көріп) тауафты бастағанға

---

<sup>5</sup> Қажының «Ләббәйк» деп айтуының мағынасы — «Уа, Раббым, Саған қайта-қайта бойұсынып келдім» дегенді білдіреді. Бұл — адамның Раббысына жауап беріп, Оның әмірін орындауға дайын екенін білдіреді. «Ақиқатында, мақтау да, нығмет те, билік те Саған тән» — Мақтау дегеніміз — мақтауға лайық болғанды (Аллаһты) толық сипаттармен, махаббат және ұлықтаумен сипаттау. Егер бұл (мақтау) қайталанса, ол "сана" - дәріптеуге айналады. Нығмет — Алланың құлдарына игілікті істерді нәсіп етіп, олардан жамандықты қайтаруы. «Мүлік» (билік) — яғни барлық билік Саған тән. Аллаһ аса Берекелі әрі Ұлы — жалғыз иелік етуші. «Сенің ешбір серігің жоқ» — яғни, Аллаға тән болған толық сипаттарда, Оның иелігіне, жаратуы, басқаруы және құлшылықта ешкім ортақтаса алмайды. (Мәлімет: «Фатауа және зерттеулер жинағы», Ибн Усәймин, 22-том, 96-бет, ықшамдалып алынған).

дейін, ал қажылықта — ихрамнан бастап, айт күні Ақаба жамрасына тас лақтыра бастағанға дейін айтылатын шарифат бекіткен (мұстахап) амал.

Ихрамда болған адам, ихрамнан шыққанға дейін, ихрамның тыйым салынған істерді жасаудан аса сақ болуы керек.

### **Төртіншіден: Ихрам (хәліндегі) тыйымдар.**

Ихрам (хәліндегі) тыйымдар мыналар:

1. Шашты қыру, қысқарту немесе жұлу, бұл дененің кез келген жерінен болсын ихрамда тыйым салынған амал.

2. Аяқ немесе қол тырнақтарын түгелдей немесе бір бөлігін ғана алу — ихрамда тыйым салынған амалдардың бірі.

Басқа жабысып, оны тақия, шәлі, сәлде секілді жауып тұратын нәрсемен жабу немесе басына жамылғы, орамал, көрпе, картон немесе басқа да жабу ниетімен қойылатын заттарды қою да — ихрамдағы ер кісілерге тыйым салынған. Бірақ, бұл тыйым әйелдерге емес, ер кісілерге ғана қатысты.

4. Денеге сай пішіліп, қалыпты түрде тігілген әдеттегі киімді кию — мысалы: тігілген көйлек, шалбар, жейде, шұлық, қолғап — ихрамға кірген ер адамға тыйым салынған. Бұл тыйым

тек ер адамдарға қатысты. Ал әйелдерге келсек, оларға келесі нәрселер тыйым салынады:

а. Никаб, бурқа немесе никабқа ұқсас бетті жауып тұратын киім кию тыйым салынған. Алайда әйел адам бөтен еркектердің алдында бетін жабуы тиіс, ол бетке әдеттегі жабатын затты, яғни бетті жауып тұратын қаптаманы қолдану керек. Қолданатын матасы бетіне тисе де, рұқсат етіледі. Әйелдерге беті мен басын жабу үшін арнайы орамал немесе перде қолдану - оны бетке тигізбей мақсатымен кию - міндетті емес, себебі оған қатысты ешқандай шарифатта негіз жоқ.

б. Қолғап кию тыйым салынған. Әйел адам бөтен еркектердің алдында қолдарын көрсетпеуі тиіс, сол үшін қолдарын орамалымен бүркеуге болады.

5. Денесіне және ихрам киімдеріне әтір себу тыйым салынған.

6. Жабайы аңды өлтіруге, оны аулауға, тіпті оны өлтірмесе де аулауға болмайды.

7. Үйленуге ұсыныс жасау өзі немесе өзгелер үшін бір әйелге үйленіті туралы сөз салу, құда түсу тыйым салынған.

8. Некелесу.

9. Жыныстық қатынасқа апаратын, шәһуәтпен сүйісу немесе құшақтасу сияқты әрекеттерге де тыйым салынады.

10. Жыныстық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

\*\*\*

### **Бесіншіден: Тауафтың жасалу сипаттары.**

Ихрамда болған адам харам мешітіне кірерде, оң аяғымен кіріп, мешітке кіру дұғасын айту - сүннет болып табылады. Бұл дұғалардың ең дұрысы: " Ей, Аллах! Маған мейрім есіктеріңді аша гөр" - деп айту. Сондай-ақ, бұл дұға тек әл-Хаарам мешітіне емес, жалпы кез келген мешітке кіру кезінде айтылады.

Егер қажылық (умра) жасаушы тауафты бастағысы келсе, ол «идтибағ» жасайды. "Идтибағ" дегеніміз: риданың (үстіне жамылған мата) ортасын оң қолтық астына жіберіп, ұшын сол иығына іліп қою. Тауафты аяқтағаннан кейін жамылғыны бастапқы қалпына келтіреді, себебі "идтибағ" тек тауаф кезінде жасалады.

Содан кейін қажылық жасаушы қара тасқа жақындап, оны оң қолымен ұстау немесе сүю керек. Егер тасты сүю мүмкін болмаса, оны қолымен ұстап, содан кейін қолын сүйеді. Егер қолымен ұстау мүмкін болмаса, ол тасқа таяқ немесе басқа нәрселерді тигізіп, сосын оны сүйеді. Егер бұлардың ешқайсысы мүмкін болмаса, ол қара тасқа бұрылып, оған қолымен ишарат жасайды, бірақ қолын сүймейді. Ең

жақсысы — адамдармен кептелісіп, оларға да өзіне де зиян келтірмеу.

Қара тасты ұстағанда немесе оған ишара еткенде: «Аллаһу әкбар», - дейді.

Содан кейін оң жағымен жүріп, Қағбаны сол жағына алады. Йемен бұрышына (яғни оңтүстік-батыс бұрышына) жеткенде, оны сүймей қолымен ұстайды. Егер мүмкіндік болмаса, оған таласпайды, ишара да жасамайды.

Йемен бұрышы мен Қара тас арасында келе атқанда: «Раббымыз! Бізге дүниеде жақсылық, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ отынан қорға!» дұғасын

айтады.

Қара тастың тұсынан әр өткен сайын қолымен ишара жасап: «Аллаһу әкбар» деп айтады.

Тауафтың қалған бөлігінде қалаған зікір-дұғаларын айтып, Құран оқи береді.

Сүннет бойынша алғашқы үш айналымда "рамл" жасалады. "Рамл" дегеніміз – қадамдарды жақындатып шапшаң жүру. Қалған төрт айналымда рамл жасалмайды, әдеттегідей жай жүреді.

Тауафты аяқтағаннан кейін Ибраһим мақамына барып, мына аятты оқиды:

﴿...وَاتَّخِذُوا مِنْ مَّقَامِ إِبْرَاهِيمَ مُصَلِّينَ...﴾

(...Ибраһимның тұрған орнын намаз оқитын жер етіп алыңдар...). [Әл-Бақара: 125] Сосын егер мүмкіндік болса оның артында екі ракағат намаз оқиды. Ал егер мүмкін болмаса, онда мешіттің кез келген жерінде оқыса болады. Бірінші ракағатта Фатихадан кейін келесі сүрелерді оқиды:

﴿قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ﴾

(Айт: «Әй Кәпірлер!») [Әл-Кафирун: 1] Ал екінші ракағатта Фатихадан кейін мына сүре оқылады:

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ﴾

(айт: Ол Аллах, біреу ақ). [Әл-Ихлас: 1]

### **Алтыншы: Сағи жасау тәртібі:**

Тауаф пен екі ракағат намазды аяқтаған соң, Сафа мен Мәруа төбелері арасына шығатын «Сағи» жолына бет алады. Сафа төбесіне жақындағанда, мына аятты оқиды.

﴿إِنَّ الصَّافَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ...﴾

(Негізінде Сафа мен Мәруа Алланың белгілерінен...) Одан соң мынаны айтады:

﴿أَبْدَأُ بِمَا بَدَأَ اللَّهُ بِهِ﴾.

«Алланың бастағанымен бастаймын»<sup>6</sup>.

Сосын Сафа төбесіне көтеріліп, Қағбаны немесе оның бағытын көргенше жоғары

---

<sup>6</sup> Муслим (1218).

шығады. Қағбаға қарап, Алланы бірлейді де, тәкбір айтып былай дейді:

«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ، أَنْجَزَ وَعَدَهُ، وَنَصَرَ عَبْدَهُ، وَهَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ»،  
ثُمَّ دَعَا بَيْنَ ذَلِكَ. قَالَ مِثْلَ هَذَا ثَلَاثَ مَرَّاتٍ.

«Лә иләһә илләллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду, уә һуа ‘алә кулли шәи’ин қадир. Лә иләһә илләллаһу уахдәһ, әнжәза уә’дах, уә насара ‘абдах, уә һазамәл-әхзаба уахдәһ» («Алладан басқа құлшылыққа лайық тәңір жоқ. Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік те, мадақ та бүтіндей Оған тән. Ол әр нәрсеге Қүдіретті. Алладан басқа құлшылыққа лайық ешбір тәңір жоқ, Ол Жалғыз. Уәдесін орындады, құлына жеңіс берді және дұшпан топтарды жалғыз өзі жеңді». Одан соң дұға оқиды. Осыны үш рет қайталайды.<sup>7</sup>

Сосын Сафа төбесінен Мәруаға қарай түсіп жаяу жүреді. Жасыл белгінің (бағананың) тұсына жеткенде – шапшаң жүріспен жүгіреді. Екінші (Сафаға қайтар жолда) жасыл белгінің тұсына келгенде – әдеттегі жүрісіне қайта оралады. Әйелдер болса еркектер секілді (сағидың жасыл белгілер арасында) тез жүрмейді.

---

<sup>7</sup> Муслим, (1218).

Мәруаға жеткен кезде, оған Сафа төбесінде істеген амалдарын (дұғаларды) қайталау сүннет (Қ: №2 тармақ).

Сосын Мәруадан Сафаға қарай жүреді. Жасыл белгінің тұсына жеткенде жүрісін тездедеті (ерлер), ал екінші жасыл белгіден кейін әдеттегі жүрісіне қайта оралады.

Осылайша жеті айналымды толық орындағанша жалғастырады. Сафа төбесінен Мәруаға қарай жүру – бір айналым, Мәруадан Сафаға қайту – келесі айналым болып есептеледі.

Сағи кезінде қалаған зікір-дұға айтып, Құран оқи береді.

Жетінші: Шашты қыру (халқ) немесе қысқарту (тақсир) тәртібі

Егер умра жасаушы тауап пен сағиды аяқтаса, ерлерге шашын қыру (халқ) немесе қысқарту (тақсыр) міндетті болады. Сүннет бойынша, шашты қыру немесе қысқарту басының барлығын қамту тиіс (әр жерден қайшымен алу дұрыс емес).

Шашты қыру – қысқартқаннан абзал. Алайда, егер қажылық уақыты жақындап, шаштың қайта өсуіне уақыт жетпейтіндей болса, онда тек қысқартумен шектелген жөн.

Ал әйел адам шашының ұшынан бір буын (шамамен 1см) мөлшеріндей қысқартады.

Ал енді қажылыққа ихрамға кірген адам – мейлі ол муфрид (тек қажылық орындаушы) немесе қарин (қажылық пен умраны бірге жасаушы) болсын – шашынан ешнәрсе алмайды, тек Айт күні Жәмрат әл-Ақабаға (үлкен шайтанға) тас лақтырғаннан кейін ғана алады.

Осылайша умра жасаушы умрасын аяқтаған болады, сондай-ақ таматтуғ қажылығын өтеуші де умра рәсімін осылай тәмамдайды.

## **2:м. Қажылықтың орындалу тәртібі (сипаттамасы)**

### **Біріншіден: Қажылыққа ихрам (хәліне) кіру:**

Қажылыққа ниет еткен адам үшін зүл-хижжа айының 8-жұлдызында, яғни «Тәруия күні» таңертеңгі (духа) уақытында, қажылық жасағысы келген жерінен ихрамға кіруі сүннеттен болады. Егер ол Меккеде немесе миқаттан бергі жерде болса – тұрған жерінен ихрамға кіреді. Ал егер миқаттан тыс жерде (сыртында) болса, ихрамға миқаттан өтерде кіреді.

Қажылыққа ихрамға кірерде, умраға ихрамға кіргендегідей амалдарды орындайды— ғұсыл алып, денесіне хош иіс жағып, намаз оқиды. Сосын қажылыққа ниет етіп, тәлбия айтады. Қажылықтағы тәлбияның түрі умрадағы

сияқты, бірақ қажылыққа ниет етерде: «Ләббайкә хаджан» (Қажылық үшін келдім) деп айтады, ал умрада: «Ләббайкә умратан» (Умра үшін келдім) деген болатын.

Егер қажылыққа баратын адам өз рәсімдерін орындауға кедергі болатын бір нәрседен қорқатын болса, ихрамға кірерде шарт қоюына болады, яғни: «...Егер мені (қажылығымды орындауға) бір нәрсе тоқтатып қалса, онда менің орным мені тоқтатқан жерде болады» деп айтады. Егер ол шарт қойып, оның қажылығын орындауға кедергі келтіретін бір жағдай орын алса, оның ихрамнан шығуына болады және оған ешқандай (төлем) қажет емес.

Сосын тәлбия айтуды көбейткені жөн: «Ләббайкә Аллаһуммә ләббайкә, ләббайкә лә шәрийкә ләкә ләббайкә, иннәл-хамда уәл-ни'мата ләкә уәл-мүлка лә шәрийкә ләкә» (Иә Аллах! Міне, мен Сенің алдыңдамын. Міне, мен Сенің алдыңдамын. Сенің ешбір серігің жоқ. Міне, мен Сенің алдыңдамын. Расында мадақ, нығмет және мүлік Өзіңе тән. Сенің серігің жоқ). Ер адам тәлбияны дауыстап айтады. Сондай-ақ жанында бөтен ер адамдар болмаса, әйел де дауыстап айтады. Ихрамдағы кісіге тәлбияны жиі айту әсіресе жағдай мен уақыт өзгергенде, тәлбияны көбейту сүннет. Мысалы, жоғарыға

көтерілгенде, төменге түскенде немесе түн мен күн ауысқан кезде.

Тәлбияны ихрам (хәліне) кіргеннен, айт күні Жамра әл-Ақабаға тас атуды бастағанға дейін айту - шарифатта бекітілген амал.

Ихрамдағы адам ихрамнан шыққанға дейін ихрамда тыйым салынған істерден сақ болуы керек.

\*\*\*

### **Екіншіден: Минада түнеу:**

Содан кейін , сегізінші күні Мина жазығына бару да сүннет амалдарға жатады. Қажылар онда бес уақыт намаз — бесін, екінді, ақшам, құптан және таң намаздарын қысқартып, бірақ біріктірмей оқиды. Өйткені Пайғамбарымыз (ﷺ) Минада намазды қысқартып, біріктірмей оқыған.

### **Үшіншіден: Арафатта тұру және**

### **Мұздалифада түнеу.**

Тоғызыншы күн — Арафа күні — күн шыққан соң, қажылық жасаушылар Минадан Арафатқа қарай бет алады. Егер мүмкін болса, күн тас төбеге келгенге дейін (Арафаға жақын жердегі) Нәмирада аялдайды. Ал мүмкіндік болмаса, онда тоқтамаудың оқасы жоқ. Өйткені Нәмирада аялдау — сүннет.

Күн тас төбеден ауғанда Пайғамбарымыз (ﷺ) істегендей, бесін мен екінді намаздарын екі-екі

ракағаттан қысқартып, біріктіріп (бесін уақытында) оқиды.

Намаздан кейін қажылықты өтеушілер бүкіл уақытын зікір айту, Алла Тағалаға жалбарынып, дұға жасау секілді амалдарға арнайды. Ол (бұл уақытта) қалаған дұғаларын Құбылаға қарап, қолын жайып, тұрып жасайды.

Пайғамбарымыздың (ﷺ) сол ұлы сәтте ең көп айтқан дұғасы: «Лә иләһә илләллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду, уә һуа ‘алә кулли шәи’ин қадир». "Алладан басқа құлшылыққа лайық тәңір жоқ, Оның серігі жоқ. Бүкіл билік пен мадақ Оған тән, Ол – барлық нәрсеге құдіретті.

Егер кімде-кім шаршаса және сәл демалғысы келсе, ол кезде (кей уақыттарын) Алланың кең мейірімі мен мол сыйлықтары жайлы пайдалы әңгімелер айту үшін достарымен сөйлесіп, немесе пайдалы кітаптардан оқып, үмітін арттыруы жақсы іс болып саналады. Сосын қайтадан Аллаға жалбарынып, дұғаларын жалғастырады. Күннің соңғы уақытында дұға жасауға ерекше мән бергені жөн. Өйткені дұғаның ең жақсысы — Арафа күні жасалған дұға.

Арафа күні күн батқаннан кейін қажылар Мұздалифаға қарай жүреді.

(Мұздалифаға) жеткен кезде, қажы ақшам намазын үш, құптан намазын екі рәкағат етіп, біріктіріп оқиды.

Егер Мұздалифаға түн ортасынан кейін ғана жетіп қаламын деп қауіптенсе, онда ол намаздарын (Мұздалифаға) жетпей тұрып оқуы керек. Намаздарды түннің ортасынан асыруға болмайды.

Ол (сол түні) Мұздалифада түнейді. Таң атқанда, азан және қаматпен таң намазын оқиды.

Содан кейін Мәшғарул-харамға бет алады да, сол жерде таң бозарып, анық білінгенге дейін Алланың жалғыздығын зікір қылып, Оны ұлықтап, қалаған дұғаларын жасайды. Егер Мәшғарул-харамға бару мүмкін болмаса, тұрған орнында дұға етеді. Себебі Пайғамбарымыз (ﷺ):

«وَقَفْتُ هَاهُنَا وَجَمَعْتُ كُلَّهَا مَوْقِفًا»

«Мен осында тоқтадым, ал Жамғ (яғни Мұздалифа, Мәшғарул-харам, Жамғ – барлығы Мұздалифаның атаулары) түгелімен тоқтап тұру орны», - деген. Зікір мен дұға жасаған кезде адамның жүзі құбылаға қарап, қолдары көтеріңкі болуы керек.

## Төртіншіден: Құрбан айт күнінің амалдары:

Таң бозарып, анық білінген кезде, бірақ күн шықпай тұрып, Мұздалифадан Минаға қарай жүреді. Мухассир жазығынан өткенде жүрісін тездетеді.

Минаға жеткен кезде, Мекке жақ беттегі соңғы — Ақаба жамрасына (үлкен шайтанға) жеті тасты бірінен соң бірін кезектеп лақтырады. Тастардың көлемі құрма сүйегіндей болып, әр тасты лақтырғанда («Аллаһу әкбар» - деп) тәкбір айтады.

Содан кейін, жағдайы келсе, "һәди" малын шалады.

Содан кейін ер кісі шашын қырады немесе қысқартады. Абзалы - қыру. Ал әйелдер болса, шарифат бойынша, шашының ұшын қысқартуымен шектеледі.

Егер (қажы) шайтанға тас лақтырып, шашын алдырса, алғашқы тахаллул (ихрамнан шығу) жағдайына енеді. Бұл жағдайда оған әйелдерінен (жыныстық қатынастан) басқаның бәрі рұқсат етіледі.

Содан кейін ол Меккеге барып, (әл-Харам мешітінде) ифада тауафын жасайды. Егер ол тәматтуғ қажылығын өтеп жатса немесе муфрид яки қарин болып, құдум тауафынан кейін сағи жасамаған болса, қажылық сағиын

орындайды. Ол тауаф пен сағиды түнге немесе келесі күнге барынша жеңіл болуы үшін кешіктіре алады.

## **Бесінші: Ташриқ күндерін жасалатын амалдар**

Егер (қажы) тас лақтырып, шашын алып, тауаф пен сағиды жасааса, ихрам хәлінен толыққанды шығады. Сөйтіп оған әйелдеріне дейін, ихрам кезіндегі тыйымдардың барлығы рұқсат етіледі.

Содан кейін қажы Минаға қайтып барып, зұлхижжа айының он бірінші, он екінші, ал кешіксе он үшінші күндердің түндерін сол жерде өткізеді.

Ол күн ауғаннан (яғни, түс намазынан) кейін үш жамаратқа тас лақтырады.

Ол зұлхижжа айының он бірінші күні бірінші, яғни Меккеден ең алыс және Мешіт әл-Хайфқа ең жақын орналасқан жамаратқа — жеті тасты ретімен лақтырады. Әр тасты атарда "Аллаһу әкбар",- деп айтады. Сосын аздап алға жылжып, қалағанынша ұзақ дұға жасайды. Егер ұзақ тұрып дұға ету оған қиын болса, сүннетке қол жеткізу үшін аздап қана дұға етеді.

Сосын орта жамаратта да дәл солай тас атып, одан кейін де дұға жасайды.

Сосын жамарат әл-Ақаба барып, дәл солай тас атады, бірақ одан кейін ол бұрылып, дұға жасамай кетеді.

Содан кейін ол зұл-хиджа айының он екінші күні жамараттарға (шайтанға тас лақтыру рәсімін) он бірінші күнідегідей қылады; жамараттарға лақтырып болған соң, қаласа, сол күні Минадан кете алады.

Ал егер қаласа кешігіп, зұл-хиджа айының он үшінде сол жерде түнеп, түс ауғаннан кейін, алдыңғыдай үш жамаратқа тас лақтырады. Абзалы - кешігу (Минада түнеу).

Зұл-хиджа айының он үшінші күніне қалу міндетті емес. Алайда, зұл-хиджаның он екінші күні күн батқанда, ол әлі Минада болса, оған сол жақта түнеп, күн тас төбеден ауған соң үш жамаратқа тас лақтыру міндет болады.

Алайда егер зұл-хиджа айының он екінші күні күн батқанда ол өз еркінен тыс Минада қалып қойса, мысалы: жолға шығып, көлікке мінгенімен, адамдардың көптігінен шыға алмаса, оған кідіру (яғни, үшінші күнге қалу) міндет емес; өйткені оның күн батқанға дейін кетпеуі өз еркінен тыс болған.

### **Алтыншы: Қоштасу тауафы:**

Егер қажылық жасаушы еліне қайтқысы келсе, қоштасу тауафын жасамайынша, Меккеден шықпауы керек.

Тек хайыз (етеккірі келген) және нифас (босанғаннан кейінгі қан) халіндегі әйелдерге қоштасу тауафы міндет емес. Сондай-ақ, олардың қоштасу үшін әл-Харам мешіті есігінің алдында тұруы да дұрыс емес. Өйткені бұл туралы Пайғамбар (ﷺ) тарапынан ештеңе жетпеген.

Еліне қайтуды ниет еткен кісіге соңғы амалы ретінде қоштасу тауафын жасау керек.

Егер қоштасу тауафынан кейін бауырларын күту, жүгін тиеу немесе жол-жөнекей керек-жарақ сатып алу үшін біраз кідірсе — бұл үшін ешқандай айып жоқсондай-ақ ол тауапты қайта жасауға міндетті емес. Бірақ егер ол сапарын кейінге қалдыруды ниет етсе; мысалы: таңертең кетпек болып тауап жасағанымен, сапарды кешке шегерсе, оған тауапты қайта жасау керек. Себебі, оның қоштасу тауафы сапарға шығар алдындағы ең соңғы амалы болу тиіс.

\*\*\*

## الفهرس

Қажылықтың орындалу сипаттамасы туралы қысқаша баян .	2
Кіріспе	2
Біріншіден: Құлшылықтың қабыл болу шарттары:	2
«Біріншіден: Миқаттарға (ихрамға кіретін орындар) қатысты үкімдер»:	4
Екіншіден: Қажылық түрлері және оның үкімдері:	5
Үшіншіден: Ихрамның сипаты және үкімдері:	6
Төртіншіден: Ихрам (хәліндегі) тыйымдар.	9
Бесіншіден: Тауафтың жасалу сипаттары.	10
Алтыншы: Сағи жасау тәртібі:	12
2:м. Қажылықтың орындалу тәртібі (сипаттамасы)	15
Біріншіден: Қажылыққа ихрам (хәліне) кіру:	15
Екіншіден: Минада түнеу:	17
Үшіншіден: Арафатта тұру және Мұздалифада түнеу.	17
Төртіншіден: Құрбан айт күнінің амалдары:	19
Бесінші: Ташриқ күндерін жасалатын амалдар	20
Алтыншы: Қоштасу тауафы:	22